

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемесін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігін табыс ету қағидаларын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 12 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 ақпанда № 18294 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемесін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігін табыс ету қағидаларын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік

агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген, 2017 жылғы 24 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына пруденциялық нормативтер және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттер:

- жарғылық капиталдың ең төмен мөлшерін;
- төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативін;
- өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативін;
- активтерді әртараптандыру нормативтерін;

сақтандыру, қайта сақтандыру, ортақ сақтандыру (бірлесіп қайта сақтандыру) шарты (шарттары) бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзіндік ұстап қалуының мөлшерін қамтиды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін қосымша пруденциялық нормативтер:

- күтілмеген тәуекелдер резервін;
- тұрақтандыру резервін қамтиды.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативін, өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативін, активтерді әртараптандыру нормативтерін күн сайын сақтауды қамтамасыз етеді.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері осы қаулымен белгіленген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесіне, нысандарына, табыс ету мерзімдеріне 1-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес нысан бойынша төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерінің ұлғаю сомасына сәйкес қайта сақтандырушының рейтингтік бағасына немесе өткен есепті күнгі Қазақстан Республикасының резиденті-қайта сақтандыру ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативінің мәніне байланысты, қолданыстағы қайта сақтандыру шарттары бойынша Қазақстан

Республикасының резиденттері және резиденттері емес - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қайта сақтандыруға берілетін (берілген) міндеттемелер сомасына ұлғаяды.

Қайта сақтандырушы (цедент) олардан алынатын есептелген комиссиялық сыйақыларды шегере отырып, қаржы жылының аяқталуы бойынша алынатын есептелген сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық мөлшерінің жиырма бес пайызынан астам, қаржы жылының аяқталуы бойынша қайта сақтандыру шарттары бойынша Қазақстан Республикасының бейрезиденті-қайта сақтандыру ұйымы есептеген сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық мөлшерінен асып кеткен жағдайда төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерін ұлғайтудың есептелген сомасы екі есеге ұлғаяды.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері мынадай сомаларға:

Заңның 6-бабы 3-тармағының 13), 14), 15-1) және 16) тармақшаларында көрсетілген сақтандырудың ерікті нысанындағы сыныптар бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша – есепті кезең соңында сақтандырудың осы сыныптары бойынша қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларынан 10 (он) пайызға;

сақтандыру объектісі сақтанушы, сақтандырылған немесе үшінші тұлға арасында жасалған шарт бойынша сақтанушы (сақтандырылған) өз міндеттемелерін орындамау (тиісінше орындамау) нәтижесінде шығындарды өтеумен байланысты сақтанушының немесе пайда алушының мүлдіктік мүдделері болып табылатын Заңның 6-бабы 3-тармағының 12) тармақшасында көрсетілген сақтандырудың ерікті нысанындағы сыныбы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша – есепті кезең соңында сақтандырудың осы сыныбы бойынша қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларынан 10 (он) пайызға;

Заңның 6-бабы 3-тармағының 13), 14) 15-1) және 16) тармақшаларында көрсетілген сақтандырудың ерікті нысанындағы сыныптар шеңберінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалардың қаржы шығындарын өтеуді көздейтін сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша – есепті кезеңнің соңында қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларынан 10 (он) пайызға қосымша ұлғаяды.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. "Өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы үшін төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу мынадай сақтандыру сыныптары және түрлері бойынша жеке-жеке жүзеге асырылады:

1) "өмірді сақтандыру" және "аннуитеттік сақтандыру" сыныптары бойынша;

2) "жазатайым оқиғалардан сақтандыру", "ауырған жағдайдан сақтандыру" және " қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру" сыныптары бойынша.

Сақтандыру ұйымының төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу үшін Нормативтердің 18 және 23-тармақтарына сәйкес есептелген сомалар алынады.";

21-тармақтың бірінші бөлігінің алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"зейнетақы аннуитетінің шарттары бойынша – қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің және осы тармақтың екінші бөлігіне сәйкес есептелген түзету коэффициенті сомасынан Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және Заңның 47-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған олардың құрылымына қойылатын талаптарға (бұдан әрі - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптар) сәйкес белгіленген жылдық тиімді пайыздық мөлшерлеменің ең жоғары мөлшерінің көбейтіндісіне тең.";

22-тармақ алып тасталсын;

23-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру" сыныбы бойынша "сыйлықақылар әдісін" пайдалана отырып, төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу кезінде, сақтандыру (қайта сақтандыру) пулын құру арқылы қабылдаған сақтандырудың осы сыныбының сақтандыру шарты (шарттары) бойынша сақтандыру сыйлықақыларын (еңбек сіңірілген сыйлықақыларын) қоспағанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандырудың осы сыныбы бойынша қабылдаған жиынтық сақтандыру сыйлықақыларының (жиынтық еңбек сіңірілген сыйлықақыларының) сомасы 100 (жүз) пайызға ұлғаюға тиіс.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып есептелген нақты төлем қабілеттілігі маржасы, мынадай формула бойынша анықталады:

$НТҚ = СӨА - СР - М$, мұнда:

СӨА – Нормативтердің 34-тармағына сәйкес оларды сапа және өтімділігі бойынша жіктелуін ескергендегі активтер;

СР – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген соңғы есепті айдың аяғындағы қайта сақтандырушының үлесін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерінің сомасы. Сақтандыру резервтерінің сомасы ай сайынғы қаржылық және өзге де есептілікті уәкілетті органға ұсынған күнге дейін пайдаланылады (есепті айдан кейінгі айдың бесіне дейін өткен есепті айдағы сақтандыру резервтерінің сомасы пайдаланылады);

М – сақтандыру резервтерін қоспағанда, міндеттемелер.";

34-тармақта:

бірінші бөліктің 6) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"6) 2019 жылғы 1 шілдеге дейін:

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтер сомасының 5 (бес) пайызынан аспайтын сомадағы жылжымайтын мүлік түріндегі негізгі қаражат - жинақталған амортизацияны ескере отырып, баланстық құнның 100 (жүз) пайызы көлемінде;

7) 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін:

материалдық емес активтер: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының негізгі қызмет мақсаты үшін сатып алынған бағдарламалық қамтамасыз ету - жинақталған амортизацияны ескергендегі өзіндік құнның және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтері сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын көлемде;"

екінші, үшінші және төртінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының кемінде он екіден бір бөлігін төлеген жағдайда олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, сақтандыру шартына қосымша келісімін (келісімдерін), немесе жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша алғашқы сақтандыру жарнасын ескере отырып, есепті айдан кейінгі бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері құнын есептеуіне енгізіледі.

Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары қайта сақтанушы қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының кемінде он екіден бір бөлігін төлеген жағдайда олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, есепті айдан кейінгі бесінші жұмыс күнінен кешіктірмей сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері құнын есептеуіне енгізіледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері құнын, сапасы мен өтімділігі бойынша олардың жіктелуін ескере отырып, есептеуіне (осы тармақтың бірінші бөлігі 1) тармақшасының алтыншы абзацында көрсетілген ақша) қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау кезінде бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы ақшаны орналастырумен байланысты туындаған дебиторлық берешекті қоспағанда):

шарт талаптары бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен астам мерзімге мерзімі өткен дебиторлық берешек;

шарт талаптары бойынша күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам мерзімге мерзімі өткен дебиторлық берешек "ауырған жағдайда сақтандыру" сыныбы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есепті күні қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінде 80 (сексен) пайыздан астамын құрайды;

сақтандыру (қайта сақтандыру) қорғаудың қолданылу мерзімі басталмаған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша пайда болған дебиторлық берешек; ірі қатысушылардың, еншілес ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысушысы болып табылатын немесе қомақты қатысуы бар ұйымдардың, сондай-ақ өзге үлестес ұйымдардың дебиторлық берешегі енгізілмейді.";

35-тармақтың бірінші бөлігінің бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"СР – Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген соңғы есепті айдың аяғындағы қайта сақтандырушының үлесін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерінің сомасы. Сақтандыру резервтерінің сомасы ай сайынғы қаржылық және өзге де есептілікті уәкілетті органға ұсынған күнге дейін пайдаланылады (есепті айдан кейінгі айдың бесіне дейін өткен есепті айдағы сақтандыру резервтерінің сомасы пайдаланылады).";

36 және 37-тармақтар алып тасталсын:

38-тармақтың бірінші бөлігі 4) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып, Қазақстан Республикасының бейрезиденттері-бас банктері, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-" төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденттері-еншілес банктері болып табылады";

40 және 41-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сапасы мен өтімділігі бойынша активтері және өтімділігі жоғары активтері сомасын есептеу үшін мыналар есепке алынбайды:

1) РЕПО операцияларының мәні болып табылатын активтерді қоспағанда, сақтандыру ұйымының меншік құқығы шектеулі (оның ішінде кепілге беру, міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін активке ауыртпалық салу бойынша мәміле жасау нәтижесіндегі) активтер;

2) Заңға сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ірі қатысушылары, еншілес ұйымдары немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қомақты қатысуы бар ұйымдар болып табылатын заңды тұлғалардың екінші деңгейдегі банктердегі салымдары және акциялары;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар болып табылатын заңды тұлғалар шығарған бағалы қағаздар.

41. Нормативтердің 34 және 38-тармақтарына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сапасы мен өтімділігі бойынша активтерінің және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтері сомасын есептеу үшін 30 (отыз)

пайыздық дисконтпен Нормативтердің 42-тармағына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары активтерінің қатысуымен жасалатын "кері РЕПО" мәмілелері есепке алынады.";

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерді әртараптандырудың мынадай нормативтерін сақтайды:

1) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's агенттігінің "A-" төмен емес шетел валютасында ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті-еншілес банкі, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-бас банкі болып табылатын екінші деңгейдегі бір банкте және осы банктің үлестес тұлғаларында бағалы қағаздарға, салымдар мен ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) жиынтық орналастыру (кері РЕПО операцияларын ескере отырып) - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 20 (жиырма) пайыздан көп емес;

2) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B"-дан "B+"-ке дейін ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі бір банкте және осы банктің үлестес тұлғаларында бағалы қағаздарға, салымдар мен ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) жиынтық орналастыру (кері РЕПО операцияларын ескере отырып) - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 15 (он бес) пайыздан көп емес;

3) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B-" ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі бір банкте және осы банктің үлестес тұлғаларында бағалы қағаздарға, салымдар мен ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) жиынтық орналастыру (кері РЕПО операцияларын ескере отырып) - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес;

4) екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын бір заңды тұлғада және осы заңды тұлғаның үлестес тұлғаларында бағалы қағаздарға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде), ақшаға жиынтық орналастыру (кері РЕПО операцияларын ескере отырып) – Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің қатысуымен күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге (қор биржасының сауда жүйесінде) жасалатын "кері

РЕПО" мәмілелері - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 30 (отыз) пайыздан көп емес;

6) тазартылған бағалы металдар мен металды депозиттерге 12 (он екі) айдан аспайтын мерзімге жиынтық орналастыру - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес;

7) "өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтанушыларға берілген қарыздардың жиынтық мөлшері - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес;

8) күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, шет мемлекеттің орталық үкіметі шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып) жиынтық орналастыру - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес;

9) күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, Нормативтердің 39-тармағында тізбесі белгіленген халықаралық қаржы ұйымының бағалы қағаздарына ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып) жиынтық орналастыру - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес;

10) күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, Нормативтердің 38-тармағы 12) және 13) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін пайларға инвестициялардың жиынтық мөлшері - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес;

11) күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, ашық және интервалды инвестициялық пай қорларының пайларына инвестициялардың жиынтық мөлшері - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 5 (бес) пайыздан көп емес;

12) күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарға инвестициялардың жиынтық мөлшері – Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес;

13) күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, Нормативтердің 38-тармағы 15) және 16) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін исламдық қаржыландыру құралдарына инвестициялардың жиынтық мөлшері - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының борыштық бағалы қағаздарына инвестициялар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің бір эмиссиясындағы облигациялардың жалпы көлемінен 25 (жиырма бес) пайыздан аспайды.

Осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген активтердің әртараптандыру нормативтерін есептеу кезінде екінші деңгейдегі банктің және оның үлестес тұлғаларының активтеріне жиынтық орналастыру үлестес тұлғалардың осы тобына активтерді орналастырудың барынша рұқсат етілген лимитіне байланысты нормативтердің біреуінде көрінеді.";

43-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Активтердің әртараптандыру нормативтерін есептеу мақсаттары үшін ұлттық басқарушы холдинг арқылы ғана үлестес болып табылатын тұлғалар ұйымның үлестес тұлғалары болып танылмайды.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Есепті күндегі қайта сақтандыру активтерін шегергенде, сақтандыру сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің ұлттық валюта бағамының өзгеруіне байланысты алдыңғы есепті күндегі қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің құнынан 20 (жиырма) және одан көп пайызға өзгерген кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы активтердің әртараптандыру нормативтерінің артуы күнінен бастап 3 (үш) ай ішінде активтердің әртараптандыру нормативтерін Нормативтердің 42-тармағының талаптарына сәйкес келтіреді.

Екінші деңгейдегі банктің рейтингі әртараптандырудың тиісті нормативі үшін Нормативтердің 42-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген деңгейден төмен деңгейге төмендеген кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы активтердің әртараптандыру нормативтерінің артуы күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде активтердің әртараптандыру нормативтерін Нормативтердің 42-тармағы 1), 2) және 3) тармақшаларының талаптарына сәйкес келтіреді.

Екінші деңгейдегі банктердің және (немесе) екінші деңгейдегі банктер болып табылмайтын заңды тұлғалардың арасында үлектілік туындаған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы активтердің әртараптандыру нормативтерінің артуы күнінен бастап 1 (бір) ай ішінде активтердің әртараптандыру нормативтерін Нормативтердің 42-тармағы 1), 2), 3) және 4) тармақшаларының талаптарына сәйкес келтіреді.

Қайта сақтандырушыдан екінші деңгейдегі банктегі ағымдағы шотқа Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыз асатын өтемақы түске кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы осы активтердің әртараптандыру нормативтерінің артуы күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде активтердің әртараптандыру нормативтерін Нормативтердің 42-тармағы 1), 2) және 3) тармақшаларының талаптарына сәйкес келтіреді.

Осы тармақтың бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде белгіленген мерзім ішінде активтердің әртараптандыру нормативтерінің артуы активтердің әртараптандыру нормативтерінің бұзушылығы болып саналмайды.";

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сақталуға міндетті мынадай өзге нормаларды сақтайды:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары Қазақстан Республикасының резиденттері-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына олар төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативін сақтаған жағдайда ғана қайта сақтандыруға сақтандыру тәуекелдерін береді;

2) РЕПО мәмілелері автоматты тәсілмен "кері РЕПО" операциялары түрінде жасалады.";

2-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-параграф. Сақтандыру, қайта сақтандыру, ортақ сақтандыру (бірлескен қайта сақтандыру) шарты (шарттары) бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзіндік ұстап қалуының мөлшері";

46-тармақта:

бірінші және екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Сақтандыру, қайта сақтандыру, ортақ сақтандыру (бірлескен қайта сақтандыру) шарты (шарттары) бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзіндік ұстап қалуының мөлшерін актуарий сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының директорлар кеңесі бекіткен қайта сақтандыру саясатына сәйкес есептейді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасау және оған (міндеттемелер көлемі бөлігінде) өзгерістер енгізу күні жеке сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзіндік ұстап қалуының ең жоғары мөлшері сақтандыру (қайта сақтандыруға кіретін) шарттары бойынша:

төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативінің мәні осы қаулыда белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативінің ең төмен мәнінен 0,2 тармаққа артқан деңгейден төмен емес болған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының нақты төлем қабілеттілігі маржасының мөлшеріне қатысты 100 (жүз) пайыздан аспайды, бірақ 25 000 000 000 (жиырма бес миллиард) теңгеден көп емес;

төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативінің мәні осы қаулыда белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативінің ең төмен мәнінен 0,2 тармаққа артқан деңгейден төмен болған кезде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының нақты төлем қабілеттілігі маржасының мөлшеріне қатысты 80 (сексен) пайыздан аспайды, бірақ 25 000 000 000 (жиырма бес миллиард) теңгеден көп емес.";

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Ортақ сақтандыру (бірлескен қайта сақтандыру) кезінде осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген есептеу әрбір сақтандырушының (қайта сақтандырушының) сақтандыру сомасы үлесіне қарай жүзеге асырылады.";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Күтілмеген тәуекелдер резерві (бұдан әрі - КТР) - сақтандыру төлемдерінің және сақтандыру шығындарын реттеу бойынша шығыстардың орнын толтыру үшін Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелетін еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резерві (бұдан әрі - ЕСР) жеткіліксіз болған кезде ықтимал болашақ тәуекелдер бойынша қалыптастырылатын резерв.";

64-тармағының төртінші бөлігінің алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"А - Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысымен бекітілген Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелеріне, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшеріне және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттеріне сәйкес салымдардың кредиттік тәуекелінің дәрежесі бойынша мөлшерленген сақтандыру тобы қатысушысының активтері, шартты және ықтимал міндеттемелерінің сомасы.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесінде, нысандарында, табыс ету мерзімдерінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сақтандыру топтары Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативін орындау туралы есебінің нысанын, сондай-ақ Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысымен бекітілген Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелері, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшеріне және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттеріне 5-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесіне және 6-қосымшаға сәйкес Банктің кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесіне сәйкес уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен төлем қабілеттілігі маржасының (меншікті капиталдың) жеткіліктілігі нормативін (коэффициентін) есептеу белгіленбеген сақтандыру тобының қатысушылары бойынша төлем қабілеттілігі маржасының (меншікті капиталының) ең төмен мөлшерін есептеуді ұсынады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Егер есепті беру мерзімі демалыс (мереке) күндеріне түссе, онда содан кейінгі жұмыс күні есепті ұсыну күні болып саналады.

Уәкілетті органның нысан ішіндегі және нысанаралық бақылау қателерін айқындауы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына және (немесе) сақтандыру тобының бас ұйымына қателерді жою үшін есептілікті қайтаруға негіз болып табылады .";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесіне, нысандарына, табыс ету мерзімдеріне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесіне, нысандарына, табыс ету мерзімдеріне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Күтілмеген тәуекелдер резервін есептеу туралы есеп осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесіне, нысандарына, табыс ету мерзімдеріне 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тұрақтандыру резервін есептеу туралы есеп осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру тобының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігінің тізбесіне, нысандарына, табыс ету мерзімдеріне 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативін орындау туралы есеп осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру топтарының пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептілігін табыс ету қағидаларында:

5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы күн сайын әрбір бағалы қағаз, эмитент, қайта сақтандыру ұйымы, екінші деңгейдегі банк сондай-ақ "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – қор биржасы) бағалы қағаздар санаты бойынша рейтингтік бағаларының мониторингін жүзеге асырады. Есептеулерді жүзеге асырған және есептерді табыс еткен кезде есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша қор биржасының бағалы қағаздарының рейтингтік бағасы мен санаты қолданылады.

6. Уәкілетті орган қателері, түзетулері бар және өшіріліп тазартылған есептерді қабылдамайды және қайтарып беруге тиіс.

7. Уәкілетті органға табыс етілген есептерден қателер анықталған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру тобының бас ұйымы көрсетілген

кезектілікпен мынадай іс-шараларды жүзеге асыру жолымен қатені түзетуді қамтамасыз етеді:

бұрын табыс етілген дәйексіз (толық емес) есептерді ретроспективті түзетуді жүзеге асыру жолымен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының есепке алу жүйелерінде анықталған қателерді қате анықталған күннен бастап 12 (он екі) айдан ерте емес кезеңде түзетеді;

бұрын табыс етілген дәйексіз (толық емес) есептерден анықталған қателердің сипаттамасын көрсете отырып, уәкілетті органға жазбаша хабарлама жібереді;

уәкілетті органға бұрын табыс етілген есептерден анықталған қателерді уәкілетті органға кезекті есепті күні есептерді табыс еткен кезде оларды ескереді.

Қағидалардың мақсаттары үшін пруденциялық нормативтердің және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің орындалуы туралы мәліметтердің бұрмалауына уәкілетті органға бұрын табыс етілген дәйексіз (толық емес) есептерден қателер анықталған нәтижесінде пруденциялық нормативтердің бұзылуына және (немесе) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16944 болып тіркелген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды белгілеу, сондай-ақ Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидаларын және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 75 қаулысында көрсетілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторлардың анықталуына әкеп соққан есептер дәйексіз және (немесе) толық емес есептер болып танылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, сақтандыру тобының бас ұйымы қателер анықталған күннен бастап 12 (он екі) айдан ерте емес кезеңдегі дәйексіз (толық емес) есептерді ауыстыруды жүзеге асырады.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесінде:

1-тармақтың 3) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"банктер Қазақстан Республикасының резиденті емес-бас банкінде Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "А-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденттері-еншілес банктер болып табылса";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары уәкілетті орган немесе бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларды тіркеген елдің уәкілетті органы берген брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті немесе инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиялары бар бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылардың қызметтерін пайдалана отырып, осы Тізбеде және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарда көрсетілген заңды тұлғалардың қаржы құралдарын (Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдарды қоспағанда) сатып алады."

2. Банктік емес қаржы ұйымдарын реттеу департаменті (Көшербаева А.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және

3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы

Д. Ақышев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитеті

2018 жылғы _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 31 қаңтардағы
№ 12 қаулысына
1-қосымша
Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымдарының және сақтандыру
топтарының пруденциялық
нормативтердің орындалуы
туралы есептілігінің тізбесіне,
нысандарына, табыс ету
мерзімдеріне
1-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп Есепті кезең:
20__жылғы "___" _____ жағдай бойынша**

Индекс: 1-PN_M

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 6 (алтыншы) жұмыс күнінен
кешіктірмей.

Нысан

_____ (
**сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атауы) 1-кесте. Сақтандыру (қайта
сақтандыру) ұйымының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы
мәліметтер**

№	Нормативтің атауы	Көрсеткіштің мәні
1	2	3
1	Төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі (1.1/1.2)	
1.1	Нақты төлем қабілеттілігінің маржасы (1.3 + 1.4 немесе 1.8 ең төмен шама) (мың теңгемен)	
1.2	Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері ("400") (мың теңгемен)	
1.3	Нақты төлем қабілеттілігі маржасын есептеудің аралық қорытындысы ("100") (мың теңгемен)	
1.4	Нақты төлем қабілеттілігі маржасын есептеуге енгізілетін сома ("200") (мың теңгемен)	
1.5	Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, активтердің жиынтығы ("12000") (мың теңгемен)	

1.6	Қайта сақтандырушының үлесін шегергенде сақтандыру резервтері ("13000") (мың теңгемен)	
1.7	Сақтандыру резервтерінің сомасын қоспағанда, міндеттемелер ("14000") (мың теңгемен)	
1.8	Активтердің сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып есептелген, төлем қабілеттілігінің нақты маржасы (1.5 - 1.6 - 1.7)	
2	Осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 42-тармағы 1) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін екінші деңгейдегі бір банкте және осы банктің үлестес тұлғаларында (НД1-1) бағалы қағаздарға (кері РЕПО операцияларын ескере отырып), салымдар мен ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) жиынтық орналастыру - осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 20 (жиырма) пайыздан көп емес	
3	Осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 42-тармағы 2) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін екінші деңгейдегі бір банкте және банктің үлестес тұлғаларында (НД1-2) бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып), салымдар мен ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) жиынтық орналастыру - осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 15 (он бес) пайызыдан көп емес	
4	Осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 42-тармағы 3) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін екінші деңгейдегі бір банкте және банктің үлестес тұлғаларында (НД1-3) бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып), салымдар мен ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) жиынтық орналастыру - осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес	
5	Екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын бір заңды тұлғада және осы заңды тұлғаның үлестес тұлғаларында (НД2) бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларын ескере отырып) және ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) жиынтық орналастыру - осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес (пайызбен)	
6	Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің қатысуымен жасалатын, күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге (қор биржасының сауда жүйесінде) (НД3) жасалған "кері РЕПО" мәмілелері - осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және	

	оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 30 (отыз) пайыздан көп емес (пайызбен)	
7	Тазартылған бағалы металдар мен металды депозиттерге күнтізбелік 12 (он екі) айдан аспайтын мерзімге жиынтық орналастыру (НД4) - осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес (пайызбен)	
8	"Өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтанушыларына берілген қарыздардың жиынтық мөлшері (НД5) - осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес (пайызбен)	
9	Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, шет мемлекеттің орталық үкіметі шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздарға ("кері РЕПО" операцияларды ескере отырып) жиынтық орналастыру (НД6) - осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес (пайызбен)	
10	Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 39-тармағында тізбесі айқындалған халықаралық қаржы ұйымының бағалы қағаздарына ("кері РЕПО" операцияларды ескере отырып) жиынтық орналастыру (НД7) - осы қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес (пайызбен)	
11	Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 38-тармағы 12) және 13) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) пайларға инвестициялардың жиынтық мөлшері (НД8) - Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес (пайызбен)	
12	Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, ашық және интервалды инвестициялық пай қорларының пайларына инвестициялардың жиынтық мөлшері (НД8) - Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 5 (бес) пайыздан көп емес (пайызбен)	
13	Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған борыштық бағалы қағаздарға инвестициялардың жиынтық мөлшері (НД9) - Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының	

	пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес (пайызбен)	
14	Күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 38-тармағы 15) және 16) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін исламдық қаржыландыру құралдарына инвестициялардың жиынтық мөлшері (НД10) - Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес (пайызбен)	
15	Өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативін орындау туралы ақпарат (иә/жоқ)	

2-кесте. Төлем қабілеттілігі маржасының ең төменгі мөлшерін ұлғайту сомасы

(мың теңгемен)

Қайта сақтандыру ұйымының атауы	Халықаралық немесе ұлттық шәкіл бойынша қайта сақтандырушының рейтингтік бағасы (төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі)	Қолданыстағы қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандыруға берілген (берілетін) міндеттемелер көлемі, барлығы (мың теңгемен)	Қолданыстағы қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандыруға берілген (берілетін) міндеттемелер көлемінің пайызы	Төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерінің ұлғаю сомасы (мың теңгемен) (3-баған x 4-баған)
1	2	3	4	5
"Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы" 2014 жылғы 14 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа (бұдан әрі - ЕАЭО туралы шарт) қатысушы елдердің қайта сақтандырушыларын қоспағанда, Қазақстан Республикасының резиденттері емес - қайта сақтандырушылармен жасалған қайта сақтандыру шарттары				
1-топ	"AA-" немесе жоғары		0%	
2-топ	"A+" пен "A-" аралығы		0%	
3-топ	"BBB+" пен "BBB-" аралығы		0,2%	
4-топ	"BB+" пен "BB-" аралығы		0,75%	
5-топ	"B+" пен "B-" аралығы		3,8%	
6-топ	"B-"-тен төмен немесе жоқ		22%	
Қазақстан Республикасының резиденттері - қайта сақтандырушылармен жасалған қайта сақтандыру шарттары				

7-топ	"B" немесе одан жоғары ; "kzBB" немесе одан жоғары		0%	
8-топ	"B-", "kzBB-", "kzB+"		0,2%	
9-топ	> 1,75		0,05%	
10-топ	> 1,5		0,1%	
11-топ	> 1,25		0,2%	
12-топ	> 1,1		0,5%	
13-топ	>= 1,0		3,8%	
14-топ	< 1,0		5%	
ЕАЭО туралы шартқа қатысушы елдердің қайта сақтандырушыларымен жасалған қайта сақтандыру шарттары				
15-топ	"BBB+" пен "BBB-" аралығы		0%	
16-топ	"BB+" пен "BB-" аралығы		0,2%	
17-топ	"B+" пен "B-" аралығы		0,5%	
18-топ	"B"-тен төмен немесе жоқ		22%	
Жиынтығы:	xxx		xxx	
Нормативтердің 9-тармағы екінші бөлігінің талаптарын ескере отырып жиынтығы	xxx		xxx	

3-кесте. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және қайта сақтандыруды қызметінің ерекше түрі ретінде жүзеге асыратын қайта сақтандыру ұйымы үшін төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу "Сыйлықақылар әдісін" пайдалана отырып төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшерін есептеу

(мың теңгемен)

Көрсеткіш атауы	Жол коды	Жол коды
1	2	3
Алдыңғы қаржы жылында сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақылары, барлығы (осы қаулымен белгіленген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 12- тармағының 1), 2), 3) тармақшыларына сәйкес)	1110	
Алдыңғы қаржы жылындағы сақтандыру қызметі бойынша комиссиялық сыйақы төлеу шығыстарының сомасы	1120	
Алдыңғы қаржы жылындағы корпоративтік табыс салығының сомасы	1130	
Алдыңғы қаржы жылындағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған түзетілген сақтандыру сыйлықақылары ("1110" - "1120" - "1130")	1100	
Алдыңғы қаржы жылындағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары, барлығы (осы қаулымен белгіленген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерінің және оларды есептеу әдістемесінің 12- тармағының 1), 2), 3) тармақшыларына сәйкес)	1210	
Алдыңғы қаржы жылындағы түзетілген жиынтық еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары ("1210" - "1120" - "1130")	1200	
Сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған жиынтық сақтандыру сыйлықақылары немесе одан әрі есептеуге арналған жиынтық еңбек сіңірілген сыйлықақылар (егер "1100" $\geq$ "1200" болса, онда "1100"; егер "1100" < "1200" болса, онда "1200")	1010	
